

Ішкі рынокта магистральдық құбыр желілері арқылы мұнай тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулерге төмендету коэффициенті тарифтерді белгілеу және алып тастау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 15 тамыздағы N 166-ОД бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет басқармасында 2001 жылғы 24 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1648. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40-НҚ Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.02.08 № 40-НҚ бұйрығымен.

Табиғи монополия субъектілерінің қызмет көрсетулеріне төмендету коэффициенті тарифтер белгілеудің және қолданудың бірыңғай тәртібі мен шарттарын белгілеу мақсатында және "Табиғи монополиялар туралы" Z980272_ Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4) тармақшасын, 15-бабының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Ішкі рынокта магистральдық құбыр желілері арқылы мұнай тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулерге төмендету коэффициенті тарифтерді белгілеу және алып тастау Ережесі бекітілсін.

2. Құқықтық нормативтік және әдіснамалық қамтамасыз ету департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Жиынтық талдау және бақылау-инспекторлық жұмыс департаменті (С.А. Ержанова) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін аумақтық органдардың, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, "ҚазТрансОйл" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін. 4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының бірінші орынбасары Б. Сағынтаевқа жүктелсін. Агенттің төрағасы Келісілген Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, Премьер-министрінің орынбасары бәсекелестікті қорғау және Энергетика және минералдық шағын бизнесті қолдау жөніндегі ресурстар министрі агенттігі төрағасының 2001 жылғы

1) отандық ұйымдарға ішкі рынокта қайта өңдеу үшін мұнай жеткізу көлемдерінің артуы;

2) іске қосылмаған және әлсіз жұмыс істейтін магистральдық құбыр желілері учаскелерін пайдалану мүмкіндігі;

3) Құбыр желісі ұйымының монополиялық жағдайы жоқ учаскелерінде Құбыр желісі ұйымының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

7. Төмендету коэффициентті тарифтерді қолдану Жүк жөнелтушінің Құбыр желісі ұйымының алдында берешегі болмаған жағдайда немесе берешекті Құбыр желісі ұйымы мен Жүк жөнелтуші басшыларының қолдарымен расталған өтеу кестесіне сәйкес өтеген жағдайда жүзеге асырылады.

8. Мұнай тасымалдау тарифінің мөлшері төмендету коэффициентін ескере отырып, Құбыр желісі ұйымының тасымалдау көлемдерінің артуына байланысты пайдалану шығындарын жабуға және іске қосылған активтерге белгіленген пайда ставкасын ескере отырып, пайда деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

9. Төмендету коэффициентті тарифтер белгілі кезеңге белгіленеді, бірақ жарты жылдан аспауға тиіс.

Уәкілетті орган төмендету коэффициентті тарифтердің күшін олар одан әрі мақсатқа сай және осы Ереженің 6-тармағында санамаланған өлшемдерге сәйкес болған жағдайда ұзартуға құқылы.

10. Төмендету коэффициентті тарифтердің күші жаңа тарифтер енгізілген сәттен бастап тоқтатылады.

Төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеуге арналған өтінімді қарау жаңа тарифтер енгізілгеннен кейін жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

11. Төмендету коэффициентті тарифтерді алып тастаудың мақсатқа сай болу өлшемдері:

- төмендету коэффициентті тарифтерді одан әрі қолданудың мемлекет және (немесе) Құбыр желісі ұйымы үшін экономикалық тиімсіздігі;

- Жүк жөнелтушінің Құбыр желісі ұйымының алдында мерзімі өткен берешегінің пайда болуы не берешекті өтеу кестесін сақтамауы;

- осы Ереженің 6-тармағында санамаланған негізгі өлшемдерге сәйкес еместігі болып табылады.

12. Төмендету коэффициентті тарифтер Ереженің 6 және 7-тармақтарында белгіленген өлшемдерге сәйкес келетін барлық Жүк жөнелтушілер үшін магистральдық құбыр желілерінің белгілі бір учаскесінде жүктер тасымалдау кезінде қолданылады.

3. Жүк жөнелтушінің бастамасы бойынша төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу тәртібі

13. Жүк жөнелтуші төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу үшін Құбыр желісі ұйымына, Құзыретті органға, Уәкілетті органға және өзге де мүдделі мемлекеттік органдарға өзінің толық атауы мен қызметінің түрін көрсете отырып, мұндай белгілеудің қажеттігі туралы өтінімді, сондай-ақ төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу қажеттігі туралы анықтама-негіздемені ұ с ы н у ғ а т и і с .

Сонымен бірге Құбыр желісі ұйымы мен мемлекеттік органдар заңнамамен қорғалатын мәліметтерді жария еткені үшін белгіленген тәртіппен жауапты б о л а д ы .

14. Уәкілетті орган, Құзыретті орган және Құбыр желісі ұйымы өтінімді қарау үшін Жүк жөнелтушіден мынадай материалдарды қосымша сұратуға құқылы:

Жүк жөнелтушінің Құбыр желісі ұйымы алдындағы берешегінің жай-күйі (ағымдағы айдың бірінші күніндегі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі және Жүк жөнелтушінің және Құбыр желісі ұйымының бірінші басшысының қолдарымен расталған, Жүк жөнелтушінің Құбыр желісі ұйымы алдындағы берешегін ө те у к е с т е с і) ;

магистральдық құбыр желілерінің іске қосылмаған және әлсіз жұмыс істейтін учаскелерін пайдалану кезінде тасымалдау маршруты (учаске атауы, көліктік қ а ш ы қ т ы қ) ;

қызмет көрсетулерді тұтынудың айлар бойынша бөлгендегі нақты (өткен жылдың тиісті кезеңі ішіндегі) және жоспарланған көлемі; ішкі рынокта мұнай өңдеуді растайтын құжат.

Ұсынылатын материалдар мынадай талаптарға жауап беруге тиіс: әр параққа - бірінші басшы, ал қаржы құжаттарына жүк жөнелтушінің бас б у х г а л т е р і қ о л қ о я д ы ;

өткен кезең ішіндегі (тоқсанның, жарты жылдың, жылдың) нақты деректер ұ с ы н ы л у ғ а т и і с .

15. Осы Ережеге сәйкес сұрау салынған қажетті материалдарды ұсынбау немесе толық көлемде ұсынбау өтінімді қараудан бас тартуға негіз болып т а б ы л а д ы .

16. Уәкілетті орган, Құзыретті орган, Құбыр желісі ұйымы және мүдделі мемлекеттік органдар 5 күн ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны не өтінімді қараудан бас тартылғаны туралы жазбаша түрде Жүк жөнелтушіге хабарлауға т и і с .

17. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда, Жүк жөнелтушіден, Құбыр желісі ұйымынан, Құзыретті органнан, мүдделі мемлекеттік органдардан қосымша а қ п а р а т с ұ р а т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Бұл кезде өтінімді қарау мерзімі сұрау салынып отырған ақпаратты алғанға

дейін тоқтатыла тұрады, бірақ 7 күннен аспауға тиіс.

18. Құбыр желісі ұйымы, Құзыретті орган және мүдделі мемлекеттік органдар өтініш жасаушыдан негіздеуші материалдарды алған күннен бастап 15 күн ішінде төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу туралы қорытындыларын Уәкілетті органға ұсынады.

Көрсетілген ұйымдар қорытындыларды белгіленген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, Уәкілетті орган өтінімді қарау мерзімін тиісті қорытындыларды алғанша тоқтатады, бірақ 5 күннен аспауға тиіс.

Көрсетілген ұйымдар өтінімді қарау тоқтатылған сәттен бастап 5 күннің ішінде қорытындыларды ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган осы себеп бойынша өтінімді қабылдамауға құқылы.

19. Уәкілетті орган Жүк жөнелтуші ұсынған Құбыр желісі ұйымының және Құзыретті органның негіздеуші материалдары мен қорытындыларына жүк жөнелтушіден материалдарды алған күннен бастап 30 күннің ішінде сараптама жүргізеді.

20. Жүргізілген сараптама нәтижесінде Уәкілетті орган төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу не мұндай белгілеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу туралы шешім уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығы түрінде қабылданады.

Төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу туралы бұйрық Құзыретті органға, Құбыр желісі кәсіпорнына және мүдделі мемлекеттік органдарға жіберіледі.

Төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеуден бас тартылған жағдайда, Уәкілетті орган тиісті дәлелді қорытынды шығарып, оны Жүк жөнелтушіге, Құбыр желісі кәсіпорнына, Құзыретті органға және мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

21. Егер Құбыр желісі ұйымы, Құзыретті орган және мүдделі мемлекеттік органдар төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеуге келіспейтіні туралы қорытындылар шығарған жағдайда, түпкілікті шешімді Уәкілетті орган қабылдайды. 22. Құбыр желісі ұйымы төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу туралы ақпаратты Уәкілетті орган бұйрығы күшіне енгенге дейінгі 10 күннен кешіктірмей, Жүк жөнелтушілердің назарына жеткізуге тиіс. 23. Құбыр желісі ұйымы міндетті түрде тоқсан сайын Уәкілетті органға және Құзыретті органға тиісті уақыт кезеңі ішінде төмендету коэффициентті тарифтерді қолдана отырып, ұсынылған қызмет көрсетулердің нақты көлемдері туралы ақпарат ұсынады. 4. Құзыретті органның бастамасы бойынша төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу тәртібі 24. Егер төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеудің бастамашысы Құзыретті орган болып табылса, ол сонымен бір

мегілде төмендету коэффициентті тарифтерді енгізу қажеттігі туралы өтініммен бірге Құбыр желісі ұйымынан алынған қорытындыны Уәкілетті органға ұсынуға тиіс. 25. Уәкілетті орган Құзыретті органның өтінімін қарайды және 15 күннің ішінде төмендету коэффициентті тарифтерді белгілеу туралы не ондай белгілеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. 5. Төмендету коэффициентті тарифтерді алып тастау тәртібі

26. Төмендету коэффициентті тарифтердің күші белгіленген мерзім аяқталысымен тоқтатылады, сонымен бірге Уәкілетті органның бірінші басшысының төмендету коэффициентті тарифтерді алып тастау туралы бұйрығының қабылдануы талап етілмейді.

27. Уәкілетті орган белгіленген төмендету коэффициентті тарифтердің күшін белгіленген мерзім аяқталғанша осы Ереженің 11-тармағына сәйкес өзі алып тастауға құқылы.

Мұндай шешім қабылдау кезінде Уәкілетті орган қорытынды үшін құбыр желісі ұйымына, Құзыретті органға және мүдделі мемлекеттік органдарға жүгінуге құқылы.

28. Жүк жөнелтуші, Құбыр желісі ұйымы және Құзыретті орган Уәкілетті органға төмендету коэффициентті тарифтердің күшін алып тастау туралы ұсыныспен, сонымен бірге мұндай алып тастаудың қажеттігін негіздеуші материалдарды ұсына отырып, жүгінуге құқылы.

29. Уәкілетті орган қарауға ұсынылған негіздеуші материалдарды 30 күннің ішінде қарайды және сараптама жүргізеді. Осы Ереженің 11-тармағында көзделген жағдайларда, Уәкілетті орган Құбыр желісі ұйымына, Құзыретті органға және мүдделі мемлекеттік органдарға хабарлай отырып, белгіленген төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы бұйрық түрінде шешім қабылдайды. Құбыр желісі, ұйымы белгіленген төмендету коэффициентті тарифтерді алып тастау туралы ақпаратты Уәкілетті орган бұйрығының күшіне енетін күніне дейінгі 10 күннен кешіктірмей Жүк жөнелтушілердің назарына жеткізуге тиіс. 30. Төмендету коэффициентті тарифтерді алып тастау туралы ұсыныс қабылданбаған жағдайда, Уәкілетті орган дәлелді қорытынды шығарып, оны осындай ұсыныспен жүгінген тұлғаға жібереді. Мамандар: Омарбекова А.Т. Қ а с ы м б е к о в Б . А .